

— деп сұрағанда, «Күйеуін», — деген жауап алыпты, «Ал ер адам кімді тыңдауы керек?», — дегенде, «Анасын», — деген жауап алған екен. Айналып келгенде, мұсылман құқығы, яғни шарифат бойынша, неке құру ер адамның да, әйел адамның да құқықтарын аяқ-асты етпейтіндігіне, керісінше, толыққанды қамтамасыз ететіндігіне көзіміз жетеді. Ал оның ережелері мен қағидаларын зерттеу және түсініп-қабылдау — әркімнің жеке басының ісі.

Әдебиеттер тізімі

1. О браке и семье: Закон Республики Казахстан. — Алматы: ЮРИСТ, 2000. — С. 67.
2. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі // Ауд.: Халифа Алтай. — Медина: «Шарапатты екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәриф басым комбинаты», 1991. — 604 б.
3. Смысловой перевод Священного Корана / Эльмир Рафаэль оглы Кулиев. — Алматы: ЧБФ «Әлбаракат», 2006. — С. 132.
4. Сады праведных. Из слов господина Посланника / Сост.: Имам Мухйи-д-дин Абу Закарийа бин Шариф ан-Навави (631–676 гг.х/ 1233–1277 гг. н.э.). / Пер., прим. и указ.: Владимир (Абдулла) Михайлович Нирша. — М.: Издат. Дом «БАДР», 2001. — С. 108–109.
5. Хадистер // Абдуссамад Махат. — Алматы: Өнер, 2001. — 27–29-б.
6. Дадаұлы А. Мұсылманның әйелі алдындағы міндеттері. — Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. — 56 б.
7. Мансур А., Халмұрадұлы А.М., Дадаұлы А. Мұсылман әйелдің ері алдындағы міндеттері. — Алматы: Шапағат-Нұр, 2002. — 48-б.
8. Мұсылман қорғаны / Жинақтап құраст. Сәид әл-Қахтани. / Ауд.: А.Қасымов, К.Бердәлі. — Алматы: «Дәуір» ЖШС РІПБК, 2004. — 174-б.

ӨОЖ 343.542

Ж.Б.Уәлиева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ТҰРМЫС АЯСЫНДАҒЫ АБАЙСЫЗ ҚЫЛМЫСТАР МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

В статье рассматривается группа бытовых преступлений, совершаемых по неосторожности, как самостоятельная криминологическая структура. Автором дается их определение, предлагается классификация, проводится отграничение данных посягательств от других неосторожных преступлений.

In article author considers the group of the home crimes made on indiscretion, as separate independent crimes structure. It is conducted analysis and comparisons of some questions to responsibility for data encroachment with other unwary crimes and compares the questions of responsibility for careless crimes with intentional ones.

Абайсыз кінә нысанымен жасалатын қылмыстарды зерттеу құқықтық ғылымның дара, ауқымды бөлігін құрайды. Соңғы өркениетті дамыған жылдары аталған қылмыстарды алдын алудың әлеуметтік мәні артуда. Оларды болдырмау — маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттердің бірі. Қылмыстық абайсыздықтың аса қауіптілігіне, өсу қарқынына көңіл бөле отыра, қазіргі криминологтар мен социологтар абайсыз әрекеттердің басымшылық мүмкіндігін болжайды, өйткені қасақана қылмыстардың азаюын көздейтін факторлар табиғатының түрлілігінен абайсыз қылмыстар үшін тиімсіз болуы ықтимал.

Абайсыз қылмыстардың салдарынан туындайтын моралдық-саяси зардап қасақана қылмыстардың криминогендік роліне ие болуы мүмкін, себебі қылмыстық ұқыпсыздық, мемлекеттік және қоғамдық мүлікке деген салғырттық миллиондаған залалмен өрнектелетін, мүлікті талан-тараждауға әкеп соғады. Қазіргі қол жеткізілген білім деңгейін ескерсек, абайсыз қылмыстарды алдын алу мәселелерін кешенді зерттеудегі шешуші ролді әлеуметтену, психология, қылмыстық құқық, криминология және басқа өзара байланысты ғылымдар иеленеді.

Алайда алған бағыттағы отандық қылмыстық құқық және криминологиядағы зерттеулерге үнілсек, анықталып, ашылмаған сұрақтар шамасы жеткілікті. Әсіресе тұрмыс аясында «абайсызда жасалатын қылмыстар» ұғымы, олар үшін қылмыстық жауаптылық, жаза тағайындау ерекшеліктері, қылмыскер тұлғасы сынды сұрақтар әлі де терең қарастыруды талап етеді. Тұрмыс аясындағы абайсыздыққа ықпал ететін тиімді шараларды жасақтау үшін аталған қылмыстарды қылмыстылықтың өз бетінше жеке элементі ретінде зерттеу жүргізу — еңбегіміздің басты мақсаты. Оған себеп тұрмысқа қарсы абайсыз қылмыстардан көрі, техниканы қолданумен байланысты абайсыз қылмыстарға бағытталған зерттеулер басым.

Криминологиялық әдебиеттерде абайсыз қылмыстарды жіктеудің алуан түрлері кездеседі. Қылмыстарды жіктеу жүйені құрайтын әр түрлі белгілерге тәуелді. Жүйелеудің негізінде, бір жағынан, ең мәнді, екіншіден, аталған жіктеуші жүйенің алдындағы мақсат пен міндеттерге жауап беретін белгі жатыр [1], онсыз қылмыстарды жіктеу мүмкін емес. Қылмыстарды жіктеу жүйесі ретінде осы жүйе үшін маңызды белгінің негізінде топтасқан қылмыстар кезектілігінен тұратын құрамды түсінеміз. Қылмыстарды криминологиялық жиыстырудың басты критерийі — жүзеге асырылған қылмыстар шоғырлайтын адамның өмір сүру орталары. Адамның әрбір өмір сүру ортасы қылмыстың сипатымен шектелмей, олардың шарты боп табылатын себептер мен жағдайларды айқындайды. Адам өмірінің тұрмыс, өндіріс, бос уақыты, қоғамдық орта сынды салаларындағы қылмыстарды жеке зерттеу олардың криминологиялық мәнін арттырады.

Абайсыз қылмыстылықтың: 1) техникалық құралдар немесе өзге жоғары қауіптілік қайнар көздерінің әсерінен тыс салада жасалатын тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстар; 2) техникалық құралдар немесе өзге жоғары қауіптілік қайнар көздерінің әсері аясындағы абайсыз қылмыстар; 3) техникалық құралдарды және лауазымдық қызмет бабын пайдаланусыз кәсіби қызмет аясында жасалған абайсыз қылмыстар; 4) лауазымдық қызметін жүзеге асыру үрдісінде жасалған абайсыз қылмыстар деп төрт негізгі түрлерін ажыратуға болады [2]. Әйтпесе шартты түрде «тұрмыстық» абайсыздық және кәсіби міндетін орындаумен байланысты «кәсіби» абайсыздықты айтуға болады [3]. Сонымен қатар, М.С.Гринбергтің пайымдауынша, абайсыздық «тұрмыстық» әрі «техникалық күшейтілген» болып бөлінеді. Берілген жіктеудің ішінде ерекше біз көңіл бөлген сұрақ — тұрмыс аясындағы абайсыздық.

Ғылыми-техникалық үрдіс әлеуметтік өзгерістердің мәнді сапасына жеткізді. Ол әлі де қоғамның даму бағытын сомдап отыр. Осы тұста әлеуметтік үрдістер жекеліктен арылмағанын ұмытпау керек. Олардың субъектісі көптеген әсер етуші күштермен шартталған адамдар, адамдар қауымдастығы, олардың қызметі. Адамдардың келеңсіз әрекеттерінің объективтік көрінісі боп табылатын негативтік құбылыстардың бірі қылмыстылық қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік үрдістер ішінде ерекше орын алады. Осы негативтік құбылысты сипаттайтын негізгі белгілері оның жеке құрылымдылық бөлімдері мен бөлшектерін анықтаудың шарты болып табылады. Қылмыстылықтың дара құрылымдылық элементі ретінде тұрмыс аясында абайсызда жасалатын қылмыстар жиынтығы танылады.

Абайсызда жасалатын тұрмыстық қылмыстылық түсінігінің мазмұнын ашу — белгілі бір әлеуметтік орта шеңберіндегі қылмыстылықтың құрылымын, деңгейін, қарқынын анықтау, тұрмыста қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасу үрдісін байқау, аталған қылмыстарды алдын алу мүмкіндігін білу. Әлеуметтік өмірдің өзге салаларында жасалатын ұқсас ниетті қылмыстарды ажырата отыра, қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілігін бағалау зерттеліп отырған қылмыстардың қылмыстық-құқықтық мазмұнын айқындауға жағдай жасайды. Сол себепті бір қылмыс әр түрлі әлеуметтік салаларда жасалса, оны алдын алу адамдардың әлеуметтік салаларда өз ара қарым-қатынасқа түсу сипаты, әлеуметтік қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігі мен осы қатынастарды реттеуге байланысты.

Белгілі бір уақыт аралығында әрі белгілі бір орында абайсыздықпен жүзеге асырылған қылмыстардың жиынтығы абайсыз қылмыстылықты құрайтыны мәлім. Қызмет аясына сай абайсыз қылмыстарды тұрмыстағы, адам және техниканың қатынасы саласындағы, техниканы қолданбайтын кәсіп саласындағы және кәсібін басқару функциясын қолдану арқылы жүзеге асыратын саладағы деп сараптаймыз.

Тұрмыс аясында абайсызда жасалатын қылмыстардың орны мен мәнін ашу үшін оның ерекшеліктерін, табиғатын анықтап, ұқсас қылмыстардан ажыратып, мұндай қылмыстардың дұрыс анықтамасын құрастыру қажет.

Абайсыздықпен тұрмыс аясында жасалатын қылмыстарға анықтама бермес бұрын, тұрмыс аясымен қамтылатын жалпы қылмыстылықтың ұғымын ашу орынды.

Әлеуметтік ортаның ішіндегі ең ауқымдысы әрі күрделісі — тұрмыс. Тұрмыстың мазмұнын құрайтын қатынастар көп қырлы, оның ішінде материалдық қажеттілік, үй-жай қалыптылығы, отбасындағы дағдылық, балаларды тәрбиелеудегі дәстүрлік, бос уақытын құрастыру мүмкіндігі, демалыс жайлылығы т.б. Тұрмыстың өзі ішінде сан қырлы салаларға толы. Осы салалардың барлығында адам үнемі өзін қоршағандармен тікелей қарым-қатынаста болады. Әрине, біз қоғамдық тұрмыс жөнінде ұмытпауымыз керек, өйткені субъектінің өзге адамдармен тығыз қарым-қатынасқа түсетін ортасы осы жер. «Тұрмыс» ұғымын сипаттайтын құрылымдылық элементтерінің көп жақтылығына қарамастан, оның жеке тұлғалық-тұрмыстық (отбасы, туысқандық, достық, жолдастық, көршілестік) және қоғамдық-тұрмыстық (өндірістік және қоғамдық тұрмыс, тұрмыстық қызмет ету, қоғамдық ортадағы қарым-қатынас) бағыттарын айқындаймыз.

Тұрмыс — қоғамның маңызды саласы. Ол адамдардың күнделікті өмірінің шарты мен қалыбы, бірлесіп тұрудың дәстүрі, әдет-ғұрпы, дағдысы әрі материалдық қажетін қанағаттандырудың әдісі мен нысандарының жиынтығы. Әлеуметтануда «тұрмыс құрылымының» ұғымы мен мазмұны кең талқыланады. Мысалы, тұрмысты «өндірістік-тұрмыстық», «мәдени-тұрмыстық», «тұрмыстық ұжымдар (отбасы, туыстық, көршілер, достық, жолдастық)» деп бөледі [4]. Кей авторлар тұрмыс құрылымының элементтерін төмендегілерден құрайды: «отбасы, туыстық, және үнемі қоғамдық орындарда, көлікте кездесетін адамдардың территориялық қауымдастығы, достар шеңбері, әріптестер шеңбері, үйдегі, тұрғын кешеніндегі, пәтердегі көршілестік, тұрмыстық қызметтікпен байланысты қарым-қатынасқа түсетін қоғамдық орта» [5]. М.А.Кривошеина тұрмысты екі бөлікке бөледі: қоғамдық және үй, отбасылық [6]. Біздің зерттеуде қолдау тапқан анықтамада тұрмыс өндіріс, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-ұйымдастырушылық салаларынан тыс адамның өмір сүруінің бөлігі ретінде түсіндіріледі.

Қоғамдық өмірдің аталған саласына қол сұғатын қылмыстарды, оның ішінде абайсыздықпен сипатталатын әрекеттерді жеке қарастырудың маңыздылығы осы қылмыстарды болдырмау шараларының қалыптастыру мақсатынан туындайды. Мемлекеттік ықпал ету мүмкіндігі ең мардымсыз сала — адамның тұрмыс жайы. Оны түсіндіру қиын емес. Өндіріс ұжымы, жұмыс ортасына қарағанда, тұрмыста адам жеке қалады немесе өзінің жақындары, таныстары, көршілерімен қатынасады. Жеке тұрмыстан көрі, қоғамдық тұрмысты мемлекет мейлінше қадағалайды. Өндірістік, кәсіби қатынастар тиісті мемлекеттік, локалдық нормалармен, ішкі жұмыс тәртібі ережелерімен реттелген. Бірақ оның өзі көңіл толтыратындай емес. Адамның жеке өмірімен байланысты тұрмыстық қатынасын келер болсақ, оны тікелей реттеудің мемлекет үшін мүмкіндігі аз деп айтуға болады. Қазіргі адамдардың құндылықтары мен қажеттіліктері түбегейлі өзгерген экономикалық қарқынды заманда тұрмыстық қатынастарға нұқсан келтіретін қылмыстарды алдын алу мәселелері қатты толғандырады. Бұл қылмыстарды болдырмаудың жаңа институттары, өркениетті жолдары қажет.

Тұрмысты криминологиялық зерттеу, біздіңше, тек отбасылық-тұрмыстық қатынастармен шектелмеу керек, қоғамдық тұрмыстық қатынастарды да қамтуы қажет. Жалпы тұрмыстағы қылмыстылықты анықтау өте күрделі, өйткені адамдардың өмір сүру салаларының шекарасы бұлыңғыр. Г.А.Романовтың пікірінше, тұрмыстық қылмыстылықтың негізгі белгісі күнделікті (өндірістік емес) қатынастардың нәтижесінде пайда болатын тұрмыстық ниет [7].

Тұрмыстық қылмыстардың кеңейтілген анықтамасын «Жеке тұлғаға моральдық және материалдық зардап келтіретін немесе қоғамдық тәртіпті бұзатын, тараптардың тұрмыстық қатынастарға түсуі салдарынан жәбірленушімен жеке қарым-қатынас ниетінен, жұмыс уақытынан тыс тұрмыстық уәзіптерді жүзеге асыру орындарында жасалатын қылмыс», — деп Г.А.Панфилов береді [8], сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бұзумен байланысты болуы мүмкін [9]. Үйде отбасы өкілдері, көршілерге қарсы жасалатын тұрмыстық қылмыстардың көбі үй жұмысын атқарумен емес, тұрғылықты орны бойынша бос уақытын өткізумен байланысты болған соң, мазмұны бойынша бос уақыттағы қылмыстар деп танылуы тиіс [10].

Әдебиетте кездесетін келесі пікір абайсызда адам өміріне қаза келтіру, абайсызда денсаулыққа зиян келтіру, ауыруға көмек көрсетпеу, абайсызда бөтеннің мүлкін жою және бүлдіруді қамтитын тұрмыстағы мінез-құлық ережелеріне қарсы абайсыз қылмыстар [8].

Кінә нысанын жеке ескермей, тұрмыстық қылмыстардың әдебиеттегі кездесетін құрылымы — қасақана кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, азаптау, қасақана және абайсызда бөтеннің мүлкін жою және бүлдіру, тұрмыс аясындағы өзге де қылмыстар. Сонымен қатар Л.М.Давыденко тұрмыстағы қылмыстар жеке тұлғаға қарсы қылмыстар және мүліктік зардап келтірумен байланысты әрекеттер деп бөлген. Бұл автордың пікірі бойынша, тұрмыстық қылмыстарды қылмыс жасаған тұлға

мен жәбірленушінің қарым-қатынасына қарай отбасылық-тұрмыстық әрі жай тұрмыстық деп айыруға болады. Ғалым тұрмыстық қылмыстылықтың ішінен адамның бос уақытын қамтамасыз ету қатынастарын бұзатын, тұлғалардың дем алыс уақытын өткізу барысында жасалатын бос уақыттағы қылмыстарды ажыратады. Л.А.Волошинаның ұсынысын қолдай отыра, автор бос уақытын өткізу қатынастарына қол сұғатын әрекеттер деп төмендегі: бұзақылық, денсаулыққа зиян келтіру (кінә нысанын айқындамайды), басқа қылмыстарды көрсетеді [10; 28–29].

Қолсұғышылықтарды жасаған орнына байланысты жартысын тұрмыстағы қылмыстар, қалғанын адамның бос уақытын өткізумен байланысты қылмыстар деп жіктеу қылмыстылықтың алдын алу жұмысын есепке алуды және жоспарлауды ұйымдастыруда түсінбеушілік тудырады деген күдік бар. Демек, тұрмыстық қатынастарды тым тарылтып, оның ішінен бос уақытын өткізу бөліп қарастыру даулы демекпіз. Адамның бос уақытын ұйымдастыру уәзіптері оның тұрмысын құрудың бір қыры, біздіңше, тұлғаның бос уақытын өткізу үрдісі тұрмысын қалаптастыру қатынастарымен қамтылады.

Тұрмыстық қылмыстарды жіктеудің бірнеше критерийлері бар. Оларды қолсұғу объектісіне қарай жеке тұлғаға қарсы, меншікке қарсы, қоғамдық тәртіпке қарсы және кінә нысанына байланысты қасақана және абайсызда жасалған қылмыстар деп бөлеміз. Аса қауіпті қоғамға қарсы қылмыстар ретінде танылатын қасақана қылмыстарды жүзеге асыру барысында тұлға өз әрекетінің қоғамға қауіпті нәтижесін алдын ала болжайды, олардың туындауын қалайды немесе саналы түрде оларға жол береді. Қасақана қылмыстардың мақсатын қасақаналықтың мазмұны мен кінәлі әрекетінің бағытталғанынан анықтау қиын емес. Абайсыз қылмыстарды жасағанда кінәлінің санасы әрекетінің барлық кешенін қамтымайды. Егер бұл қылмыстар арасындағы айырмашылықты кінәлінің санасында қылмыстық нәтижеге әкеп соғатын әрекетті кескіндеу сипаты бойынша жүргізсек, онда ол қасақана қылмыстарды жүзеге асыру кезінде әрекеттің қылмыстылығын ұғынады, ал абайсыз қылмыстың қылмыстылығын тұлға тек өзі қаламаған қоғамға қауіпті зардаптар туындаған соң біледі.

Қасақаналықпен салыстырғанда қоғамға қауіптілігі төмендігіне қарамастан, тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың объектілері қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдағы басты құндылықтар. Жүргізілген зерттеуіміз тұрмыс аясында жасалатын қылмыстылықтың құрылымын өзіміз жасақтаған іспетте ұсынуымызға себепші болды. Біз ұсынып отырған абайсыздық кінәсімен тұрмыстық қатынастарға қолсұғатын қылмыстардың құрылымы келесі көрініске ие: а) жеке тұлғаға қарсы жасалатын қылмыстар ҚР ҚК 101-бабымен реттелген абайсызда кісі өлтіру (объектісі адам өмірін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар), ҚР ҚК 111-бабында көрсетілген адамның денсаулығына абайсызда зиян келтіру (объектісі адам денсаулығының тұтастығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар); ә) ҚР ҚК 188-бабында жауаптылық бекітілген тұрмыс аясындағы меншікке қарсы қылмыстар; б) объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылатын ҚР ҚК 253-бабында көзделген атыс қаруын ұқыпсыз сақтау тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстардың қоғамдық қауіпсіздікпен ұштасқан түріне жатады.

Демек, адам өмір сүруінің маңызды саласы тұрмыстық жағдайға қарсы қылмыстардың құрылымын сараптап, біз қылмыстық-құқықтық белгісі бойынша әр қилы, бірақ криминологиялық тұрғыдан қылмыс оқиғасының мазмұнын құрайтын жалпы белгілерге ие болатын бір топты құрайтын қолсұғушылықтар тізімін алдық.

Л.М.Давыденкодан басқа (оның өзі бос уақытын өткізу қатынастарымен байланысты қылмыстар қатарына бұзақылықты жатқызады) жоғарыдағы авторладың ешқайсы тұрмыстағы қылмыстардың құрылымына қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарды кіргізбейтіні көңіл аударарлық жайт.

Қызметтегі қылмыстық заңда абайсызда бөтеннің өміріне қаза келтіру, бір жағынан, жеке тұлғаға қарсы қылмыс ретінде, екіншіден, басқа қасақана және абайсыз қылмыстардың саралаушы белгісі ретінде бекітілген. Қасақана кісі өлтіру абайсызда бөтеннің өміріне қаза келтірумен салыстырғанда аса жоғары қауіптілікпен сипатталатынына күмәнданбаймыз, бірақ адамдардың абайсыз мінез-құлқының зиянды нәтижесінен туатын қатенің бағасы өте мәнді. Әлеуметтік жауапсыздық, тәртіпсіздік, тұрмыстағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау, ұқыпсыздық, тиісті көңіл бөлмеушілік орны толмас жағдайларға, яғни адам өліміне өте жиі әкеп соғады. Теорияда да, тәжірибеде де аталған қылмыстар үшін құқық қорғау органдарының ықпал ету шараларын жасақтауға қажетті көңіл бөлмеу, абайсызда адам өміріне, қаза келтіру, денсаулыққа зиян келтіру, бөтеннің мүлкін абайсызда жою және бүлдіру, атыс қаруын ұқыпсыз сақтаудың қоғамдық қауіптілігі дәрежесін бағаламаудың салдары.

Қылмыстық заңнамада аталған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті бекітіп қою, әлеуметтік жауапсыздық мінез-құлық танытатын тұлғаларға қылмыстық құқықтық ықпал етуді

жетілдірмеу дегенді білдірмейді. Бұл үрдіс еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, құқық теориясының дамуына, ауытқымалы мінез-құлықты құқықтық реттеу нысандары мен әдістері жетілдірілуіне сәйкес жалғасады.

Тұрмыс аясында абайсызда жасалатын қылмыстардың әрқайсысының ерекшелігіне тоқталып өтсек, алдымен олардың ішіндегі ең қауіптісі адам өміріне абайсызда қаза келтіруден бастайық. ҚР ҚК 101-бабында бекітілген адам өміріне абайсызда қаза келтіру қылмысы кінәлі қаламаған немесе болжамаған жағдайда бөтен адамға қаза келтіруден көрінген, түрлі қауіпсіздік және сақтау ережелерін бұзу. Абайсызда қаза келтіру болып табылатын, адам өміріне қарсы қылмыстардың және адамның денсаулығына қарсы абайсызда денсаулыққа зиян келтіру, адамның меншігіне қарсы бөтеннің мүлкін абайсызда жою және бүлдіруді менмендік пен немқұрайдылықтан тұратын субъективтік жағы біріктіреді. Тек жауаптылығы ҚР ҚК 253-бабымен реттелген атыс қаруын ұқыпсыз сақтау ғана, субъективтік жағынан немқұрайдылықпен ерекшеленеді.

Тұрмыс аясындағы қылмысты жасау кезінде, кінәлі жәбірленушіге келтірген зардаптың туындау мүмкіндігін тиісті ұқыптылық танытса болжауы мүмкін жағдайды болжамаған болса, ол немқұрайлықпен жасалатын қылмыс. ҚР ҚК 253-бабында көзделген қылмыстан басқасын жасау кезінде кінәлі тұлға жәбірленушіге келтірген зардабының туындау мүмкіндігін болжап біліп, жеткіліксіз жағдайда сол зардаптарды менмендікпен болдырмауға сенген әрекеті менмендікпен жасалған деп танылады.

Заң шығарушы абайсызда адам өміріне қаза келтіруді кісі өлтіру жүйесінен қысқартқаны негізді, себебі тұлға қылмыс жасауға мүлде оқталмайды, немесе тұрмысты қалыптастыру ережелерін бұзған кезде, туындайтын зардаптарды болжамайды, болжаған күнде оларды тойтаруға атсалысады. Қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі абайсызда кісі өлтіру үшін жауаптылықты реттейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды қайта қарастыру және дәлдеуді талап етеді.

Ірі зардаптарға және адамға зиян келтіруге әкеп соққан бөтеннің мүлкін абайсызда жою және бүлдіру үшін жауаптылықты бекітетін нормаларды талдау олардың ерекше табиғатын ашты. Бөтеннің мүлкін жою қылмыстық құқықтық анықтамасын берсек құртылу немесе тиісінше қолдану әрі қайтадан қалпына келтірілу мүмкіндігінен арылу, сәйкесінше меншіктік айналымнан нәтижесіне жеткізілген бөтеннің мүлкіне заңсыз ықпал ету. Мүлкті бүлдіру оны қажетіне пайдаланудан айыру немесе алдын ала жөндеусіз пайдалану мүмкін болмайтын жағдайға жеткізу. Қолсұғушылықтың субъективтік жағы менмендік және немқұрайлық.

Криминологиялық әдебиеттердегі пікірлердің басым көпшілігі атыс қаруын ұқыпсыз сақтау қылмысын тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстар қатарына жатқызбайды. Біз керісінше пікірді дәлелдеуге тырыстық.

Атыс қаруын ұқыпсыз сақтаудың салдарынан ол қаруды кез келген адам, соның ішінде өзінің жасы немесе ауыру жағдайынан қарудың жоюшы күшін тиісінше бағалай алмайтын ақыл есі жеткілікті дамымаған адам иеленуі мүмкін. Талдап отырған қылмыстың тікелей объектісі — қарудың айналысы саласындағы қауіпсіздік ережелері. Қылмыс заты — заңды негізде сақталып отырған қолданылуға жататын барлық атыс қарулары. Атыс қаруы дегеніміз — күкірт және өзге зарядтың көмегімен қозғалатын нысананы механикалық түрде жоятын құрылғы. Бұл заттардың қауіпі адам өлімі, денсаулығына ауыр зардап келтірумен ұштасады.

Объективтік жағын өзінде заңды негізде сақталып отырған атыс қаруын тұлғаның ұқыпсыз сақтау құрайды. Атыс, суық қаруды, жарылғыш заттарды сақтау оларды тікелей иелену, аталған заттарды өзінің бойында ұстамай өзге жерлерде, мысалы, пәтерде, аулада, сарайда ұстау, орманда жасыру [11]. Атыс қаруын ұқыпсыз сақтау дегеніміз — осы қару иесінен басқа адамдардың иеленуіне немесе пайдалануына мүмкіндік жасаған нормативтік актілермен бекітілген ережелерді және жалпыға бірдей қауіпсіздік шараларын бұзу, сақтамау, немқұрайлық таныту (қаруды, әсіресе балалардың, есі дұрыс емес адамдардың қол жететін жерлерде қалдыру).

ҚР ҚК 253-бабымен реттелген қылмыстың төмендегі объективтік белгілері:

- атыс қаруын сақтау ережелері мен шаралары бұзылып, қаруды бөтен адам иеленді (бөтен адамның иеленуі аталған қарудың иеленуге еш құқығы жоқ кез келген тұлғаның (әріптестер, туысқандар, таныстар, бала-шаға) қолына түсуі);
- атыс қаруын сақтау ережелерін бұзу мен басқа тұлғаның ол қаруды пайдалануы арасында себептік байланыс бар (егер атыс қаруын қылмыскер үйге ену арқылы иеленсе, ҚР ҚК 253-бабы бойынша атыс қаруының иесін қылмыстық жауапкершілікке тартудың негізі жоқ);
- ауыр зардаптар келтірілді (атыс қаруын иеленіп алған адамның өзін-өзі өлтіруі, кісі өлтіру, біреуді жарақаттау, адамға қауіп төндіретін және ірі материалдық зардап келтіретін өрт

шығару); осы қылмысты қоғамдық қауіпсіздікті бұзатын тұрмыс аясындағы қылмыстар қатарына жатқызуға негіз болады.

Жүргізілген зерттеулер бойынша атыс қаруларының заңды иелері, атыс қаруын сақтаудың ережелерін бұза отыра, ондай заттарды үйінде, аулада, бақтарда, жолдастарында, таныстарында, жұмысында сақтаған, кейбір жағдайларда атыс қаруы тіпті шаруашылық-тұрмыс қажеттілік ретінде пайдаланылған.

Өзінің заңды тұрғыда иелігіндегі атыс қаруын сақтау ережелеріне немқұрайдылықпен қараудың нәтижесінде туындайтын ауыр зардаптардың жәбірленушілері кінәлінің туысқандары, балалары, жақындары, таныстары, көршілері, әріптестері. Аталған қылмыс қоғамдық қауіпсіздік талаптарын бұзғанымен, зардап тікелей адам өмірі, денсаулығына келтіріледі. Тәжірибе көрсеткендей, атыс қаруының сақталу орны тұрмысты құратын үй-жай, аула, қора, кінәлінің достарының, таныстарының үй-жайы болғандықтан, ол атыс қаруын ұқыпсыз сақтауды тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстар қатарына жатқызуға негіз болады.

Немқұрайлықпен жасалған атыс қаруын сақтау ережесін бұзудың объективтік және субъективтік белгілеріне терең талдау жүргізу арқылы біз ҚР ҚК 253-бабының диспозициясымен қамтылған қолсұғушылықты тұрмыс аясында қоғамдық ережелерді бұзумен ұштасқан қылмыс деген пікір беруді жөн көрдік.

Біз тұрмыс аясында абайсыздықпен жасалатын қылмыстылықтың құрылымын сомдайтын әрекеттерге талдау жасау арқылы, бұл негативтік құбылыстарды біріктіретін ұқсас белгілерді көре аламыз. Ол белгілердің қатарына:

- біріншіден, абайсызда жасалатын әрекеттердің психологиялық табиғаты және қылмыстық нәтиже кінәлінің санасы мен әрекетінің бағытымен қамтылмайтын әлеуметтік-психологиялық мазмұны. Қылмыстық-құқықтық және криминологиялық әдебиеттерде абайсыз әрекеттердің қайнар көзі ретінде «жауапсыздық», «жеткіліксіз қамқорлық», «ұқыпсыздық» және т.б. танылған;
- екіншіден, объективтік және субъективтік белгілердің ара-жігі қасақана қылмыстарға қарағанда басқа сапаға ие;
- үшіншіден, бұл қылмыстарды жасаған тұлғалардың санасында әлеуметтік құндылықтардың құнсыздану деңгейі өзгеше;
- төртіншіден, біз атап өткен абайсыз қылмыстардың тікелей объектілері әр қалай болғанымен олар тұрмыс қалыбында жүзеге асырылған;
- бесіншіден, мұндай қылмыстардың ерекшелігі алдын алу шараларын жасақтауда қиындық тудырады, өйткені абайсыз қылмыстар кездесетін тұрмыс ортасы түрлі қауіпті факторларға толы, әрі бұл салада заңмен бекітілген қауіпсіздік шаралары мүлдем жоқ.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, тұрмыс аясындағы абайсыз қылмыстар жәбірленушімен жеке тұлғалық қарым-қатынаспен байланысты жағдайда және абайсыз ниетпен адам өмірі, денсаулығы, ар-ожданы, бостандығы немесе қоғамдық тәртіпке бағытталып, жасалған қылмыстық заңмен бекітілген қоғамға қауіпті әрекет деп пайымдаймыз.

Кінәнің абайсыздық нысанымен жасалатын қылмыстылықтың ірі құрылымы тұрмыс аясындағы қылмыстардың төмендегі тізімін ұсынамыз: а) жеке тұлғаға қарсы жасалатын қылмыстар ҚР ҚК 101-бабымен реттелген абайсызда кісі өлтіру (объектісі адам өмірін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар), ҚР ҚК 111-бабында көрсетілген адамның денсаулығына абайсызда зиян келтіру (объектісі адам денсаулығының тұтастығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар); ә) ҚР ҚК 188-бабында жауаптылық бекітілген тұрмыс аясындағы меншікке қарсы қылмыстар; б) объектісі қоғамдық қауіпсіздік болып табылатын заңды иелігіндегі атыс қаруын сақтаудың нормативтік ережелері мен қауіпсіздік шараларын бұзатын ҚР ҚК 253-бабында көзделген атыс қаруын ұқыпсыз сақтау.

Әдебиеттер тізімі

1. *Давыденко Л.М.* Криминологическая классификация преступлений // Вопросы борьбы с преступностью. — М.: Юрид. лит., 1984. — Вып. 41. — С. 23.
2. *Дагель П.С.* Неосторожность. Уголовно-правовые и криминологические проблемы. — М.: Юрид. лит., 1977. — С. 18, 19.
3. *Клочков В.В., Серебрякова В.А.* и др. Проблемы преступной неосторожности в советской криминологии // Вопросы борьбы с преступностью. — М.: Юрид. лит., 1977. — Вып. 27. — С. 12.
4. *Юферов О.В.* Планирование социально-бытовой инфраструктуры. — М.: Экономика, 1990. — С. 7.